

«Аяла» санаторлық бөбекжайы» КММ-сі

*«Қарлығаш» ересек топ*

Жазғы сауықтыру іс-әрекеті

Тақырыбы: «Ұяшықтардан аттап өтіп, мәреге жет»

тәрбиеші: Қаратаева А.А

Ақсукент  
2024 оку жылы

**Тақырыбы: «Ұяшықтардан аттап өтіп, мәреге жет!»**

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қос аяқпен секіруге, мұқиятылық пен ептілікке дағдыландыру, қауіпсіздік ережесін сақтауға баулу, эстафеталық ойындар ойнаудың жобасын көрсету, үйрету.

**Қолданылған көрнекіліктер:** ойын алаңында дайындаған түрлі-түсті ұяшықтар, мәре ұстыны, жалаушалар.

Саламатсыңдар ма, балалар?

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын, көңіл-күйлерің қалай.

- Са-ла-мат-сыз- ба,

-Өте жақсы, біз сізді жақсы көреміз.

Жарайыңдар, балалар. Мен де сендерді жақсы көремін.

Бүгін сендермен тағыда спорттық ойындар ойнаймыз.

Ендеше ойын шартың тыңлаңдар:

Ойынның ойын алаңында өтеді, ойын кезінде бір бірімзі, итермейміз, құлап қалсақ жараланып қалуымыз мүмкін. Асықпаймыз, бір бірімізге кедергі жасамай, кері қайтқанда алаңның бос жағымен қауіпсіздік ережесін сақтап жүреміз, асықпай секіріп, мәреге жеткенде қолымыздағы жалаушаны мәре ұстының тесіктеріне орналастырып, сол жерге қалдырып кетеміз. Ойынның шарты мынадай:

1-ші шарты: Балалар ең алдымен, ойын шартын бүзбай, қауіпсіздік ережесін сақтаймыз.

2-ші шарты: Алдымызда түрлі-түсті мак ұяшықтары бар, осы ұяшықтардың сывылу тәртібімен секіріп барып, қолымыздығы жалаушаны орналастырып, кері қарай сыртпен, секіріп келе жатқаан балаға кедергі жасамай айналып өтеміз.

Ал, балалар тұрмайық,

Бірігіп бірге ойнайық.

Қоянға ұқсан секіріп,

Мәреге жетіп алайық .

Қолда бар ғой жалауша,

Орнын тауып салайық.

Осылайша біз ойнап,

Көңілді көтеріп алайық.

Жарайыңдар, балалар! Сендерге көп-көп рахмет.





